

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 181 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 шілдеде № 3969 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 49 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 17.02.2016 № 49 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18 және 238 баптарына сәйкес Хромтау ауданының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Аспеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Хромтау ауданының әкімі

А. Усманғалиев

Хромтау ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 23 маусымдағы
№ 181 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1	Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:
1.	бас дәрігер
2.	бас дәрігердің орынбасарлары

3.	емхана, бөлімше, кабинет, дәріхана меңгерушісі
4.	Барлық мамандықтағы дәрігерлер
5.	Барлық мамандықтағы орта медициналық қызметкерлер
6.	Әлеуметтік қызметкерлер
2	әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
1.	жұмыспен қамту орталығының басшысы
2.	жұмыспен қамту орталығының маманы
3.	әлеуметтік қызметші.
3	Білім беру мамандарың лауазымдары:
1.	білім беру ұйымдарының барлық мамандықтағы мұғалімдер
2.	мектеп директор
3.	мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі
4.	интернат меңгерушісі
5.	директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
6.	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7.	директордың бейімделу бойынша оқыту жөніндегі орынбасары
8.	шеберхана меңгерушісі
9.	алғашқы әскери даярлау бойынша оқытушы - ұйымдастырушы
10.	лагерь басшысы
11.	аға әдіскер, әдіскер
12.	кітапхана меңгерушісі
13.	кітапханашы
14.	педагог-психолог
15.	әлеуметтік педагог
16.	ұйымдастырушы педагог
17.	қосымша білім педагогы
18.	дефектолог
19.	аға тәрбиеші, тәрбиеші
20.	аға шебер өндірістік оқыту шебері
21.	музыкалық жетекші
22.	дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы
23.	еңбек жөніндегі нұсқаушы
24.	медициналық бике
25.	медициналық бике
26.	емдәмбике
27.	хореограф
28.	зертханашы
29.	көркемдік жетекші
30.	суретші
31.	кабинет меңгерушісі
32.	қосымша білім беру ұйымының директоры
4.	Мәдениет мамандарының лауазымдары:
1.	ұйымның басшысы
2.	көркемдік жетекші
3.	әдіскер
4.	бөлім меңгерушісі
5.	суретші

6.	аккомпаниатор
7.	режиссер
8.	фольклор жетекшісі
9.	мәдени ұйымдастырушы
10.	хореограф
11.	кітапханашы
12.	мәдени демалыс ұйымдастыру жөніндегі маман
13.	библиограф
14.	редактор
15.	музыкалық жетекші
16.	дыбыс режиссері
17.	үйірме жетекшісі
5.	Спорт мамандарының лауазмдары:
1.	директор
2.	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3.	әдіскер
4.	спорт нұсқаушысы
5.	жаттықтырушы - оқытушы.
6.	Ветеринария мамандарының лауазымдары:
1.	ветеринария ұйымының басшысы
2.	мал дәрігері
3.	мал дәрігерлік пункт меңгерушісі
4.	ветеринарлық фельдшер.